



010000, Астана қаласы,
С.Сейфуллин көшесі, 37
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73
e-mail: kense@antikor.gov.kz

010000, город Астана,
улица С.Сейфуллина, 37
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73
e-mail: kense@antikor.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«AMANAT»
фракциясының депутаттары
М.А. Әбеневке,
Д.Е. Исабековке

16.06.2023 жылғы №ДС-242 хатқа

**Құрметті Мұрат Абдуламитулы,
Данабек Ержанұлы!**

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі – *Агенттік*) жеке ұйымдарға мемлекеттік функцияларды беру туралы Сіздің сауалыңызға құзыреті шеңберінде мынаны хабарлайды.

Шетелдік азаматтарға ЖСН беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады және оны беру тәртібі тиісті Қағидалармен (*«Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы №258 бұйрығымен бекітілген, бұдан әрі – Қағидалар*) регламенттелген.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді аумақтық полиция органдарының көші-қон қызметі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамдары немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырады.

Екінші деңгейдегі банктердің шетелдік азаматтарға ЖСН ұсынуы Қағидаларда көзделмеген.

Бұдан басқа, «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, ЖСН резидент еместер Қазақстан Республикасынан кеткен кезде Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шартты түрде алып тасталады.

Агенттік 2022 жылы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетімен бірлесіп, көші-қон қызметі органдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізгенін айтып кету керек.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін әзірленген 25 ұсыным қазіргі уақытта орындалуда.

Мәселен, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және рәсімді оңтайландыру, сондай-ақ көші-қон процесінің жедел мониторингін жүзеге асыру мақсатында, ұсынымдардың бірінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтумен келген шетелдік азаматтарға ЖСН беру мәселесін пысықтау көзделген.

Төраға

А. Жұмағали

*орынд.: Д.А. Қасенова
тел.: 8 7172 90 93 54*